

Тіркелген бірыңғай салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 52 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қазанда № 6664 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2018 жылғы 7 наурыздағы № 230 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 07.03.2018 № 230 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 422-бабына сәйкес мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызметін Рудный қаласының әкімшілік аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 4 мамырынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қалалық мәслихаттың кезектен
тыс сессиясының төрағасы

М. Мамонтова

Қалалық мәслихаттың хатшысы

В. Лощинин

"Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің
Қостанай облысы Мемлекеттік кірістер
департаментінің Рудный қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы

С. Узакбаев

27 қыркүйек 2016 жылы

Мәслихаттың
2016 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 52 шешіміне
қосымша

Қызметін Рудный қаласының әкімшілік аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық мөлшерлемелері

--	--	--

р/ с №	Салық салу объектісінің атауы	Айына салық салу бірлігіне тіркелген салық (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерлемесі
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК